



ҚАБЫЛДАУ

## ӨТІНІШТЕР ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ



Ауыл Аманаты  
2,5%



**Қараша халықты не толғандырады? Жұртшылықтың талап-тілегі не? Бұл – түрлі деңгейдегі әкімдер мен елді мекендердегі тұрғындарға ортақ сауал. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының негізі де осы. Яғни, билік пен бұқараның байланысын сындарлы диалог арқылы нығайту, елге ортақ өзекті әрі түйткілді мәселелерді шешуге үнқосу, ықпал ету.**

Жергілікті халықтың үніне құлақ асатын, ой-пікірімен санасатын аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы Аса және Жамбыл ауылдарының тұрғындарын жеке сұрақтарымен қабылдады. Оларды мұқият тыңдап, мәселелеріне мән берді.

Қабылдауда Аса ауылының тұрғындары – көпбалалы ана Айгерім Оспанова тұрғын үй мәселесі бойынша қайырылса, Ержан Дәуренбеков «Жанажай» массивіндегі тұрғын үйлерге қарапайым есептегіштер орнатуға рұқсат беруді өтінді. Ал, жамбыл-

дық азамат Сәрсен Қалыбаев жұмысқа орналасқысы келетінін жеткізді. Өз кезегінде өңір басшысы әрбір сауалға тұщымды жауап қайтарып, көтерілген мәселелер бойынша жауапты бөлім басшыларына тапсырмалар жүктеді.

«Шұғыла»-ақпарат.

Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді жан-жақты қолдау, ел тұрғындарын аграрлық бизнеске барынша тарту, азық-түлік қауіпсіздігі және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға байланысты мәселелерді шешу мақсатында жобаланып, жүзеге асырылып жатқан «Ауыл аманаты» мемлекеттік бағдарламасына бүгінде бұқара қызығушылық танытуда.

### КӘСІПТІҢ КӨЗІН ТАПҚАН ДИХАНДАР

Бұл бағдарлама ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «ҚР ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Жарлығы негізінде бастау алды. Ауылды жерлердегі халықтың табысын арттыруға бағытталған жоба Жамбыл облысында басталып, барлық өңірін қамтыған бағдарламаға айналды. Бағдарлама бойынша ауыл тұрғындары өз бизнесін дамытуға немесе кооператив құрамында жеңілдетілген несие ала алады. Сондай-ақ техниканы лизингке рәсімдеуге болады. Қарыз алу шарттары да өте тиімді. Себебі пайыздық мөлшерлеме әлдеқайда төмен.



→ 2

ДЕПУТАТ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

## БАСТЫСЫ – ТҰРҒЫНДАРДЫҢ СЕНИМІН АҚТАУ



**Халық қалаулысы болу – үлкен жауапкершілік. Депутат – халық пен билік арасындағы алтын көпір, елдің мұң-мұқтажын жеткізіп қана қоймай, оны шешуге нақты ықпал ететін тұлға. Оның басты міндеті – тұрғындардың сенімін ақтап, қоғам игілігі жолында тиімді шешімдер қабылдау.**

Мақсат ЖҰМАБАЕВ

мекен тұрғындарының өтініш-ұсыныстары бойынша атқарылған жұмыстарды баяндады.

Бүгінде аудандық мәслихатта үш тұрақты комиссия жұмыс істейді. Олар әлеуметтік-экономикалық даму, бюджет және салық; әкімшілік-аумақтық құрылым, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және экология; сондай-ақ білім, мәдениет және адам құқықтарын қорғау бағыттарын қамтиды.

Есепті кезеңде мәслихаттың 13 сессиясы өткізіліп, онда 82

шешім қабылданған. Оның ішінде бірқатар шешім тиісті мемлекеттік тіркеуден өтіп, ресми жарияланған. Мәслихат жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында сессиялар онлайн көрсетіліп, әлеуметтік желілер арқылы тұрғындармен кері байланыс орнатылған.

Кездесу барысында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы бірқатар өзекті мәселелер де көтерілді. Атап айтқанда, Аса ауылындағы кәріз жүйесі, теміржол өткеліндегі көпір, жолдарды күтіп ұстау, қоғамдық көлік қатынасы, көшелерді абаттандыру және көгалдандыру мәселелері назарға алынды. Бұл бағыттағы кемшіліктер бойынша тиісті мекемелерге ұсыныстар жолданған.

Сонымен қатар 2025 жылғы аудандық бюджеттің орындалуы қаралып, жауапты мекемелер тарапынан есеп берілді. Депутаттар тарапынан айтылған сын-ескертпелер назарға алынып, тиісті шаралар қабылданды.

Жылы жүзесуде «Аманат» партиясы аудандық филиалының төрағасы Талап Әбдібеков партия мен депутаттардың бірлескен жұмысы оң нәтиже беріп отырғанын атап өтті. Кездесу соңында тұрғындар өздерін толғандырған мәселелерді көтеріп, жеке қабылдауға жазылды. Халық қалаулылары көтерілген мәселелер кезең-кезеңімен шешімін табатынын жеткізді.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, қоғамдық қауіпсіздік деңгейін арттыру бағытында ауданда кешенді шаралар кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Осы ретте Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің тиісті тапсырмаларына сәйкес, «Құқық бұзушылықтардың профилактикасы туралы» «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында аудандық полиция бөлімінде «Профилактикалық кабинет» ашылды.

### ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ КАБИНЕТ АШЫЛДЫ

Аружан КҮНТУБАЙ

жолын кесуге, профилактикалық есепте тұрған тұлғалармен нәтижелі профилактикалық іс-шараларды жүзеге асыруға, сондай-ақ кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларын жүйелі түрде жүргізуге бағытталған.

Аталған бастама құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытындағы атаулы әрі жүйелі жұмыстарды күшейтуге, тұрмыстық қатынастар саласындағы зорлық-зомбылықтың

→ 2

## ЖАЗЫЛЫМ- 2026

ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ «ШҰҒЫЛА-РАДУГА» ГАЗЕТІНЕ «ҚАЗПОШТА» АҚ ЖӘНЕ РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ 2026 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР



6 айға – 3763,50 теңге

РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

6 айға – 2700 теңге

Жазылым индексі 68991

ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІМІ: 2-17-98, 8 747 659 42 68



Соңы. Басы 1-бетте

# ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ КАБИНЕТ АШЫЛДЫ



Профилактикалық кабинет өз қызметінде құқық қорғау органдарының жұмысымен шектелмей, өзге де сала мамандарының өзара ықпалдастығын қамтамасыз ететін көпсалалы алаң ретінде жұмыс істемек. Атап айтқанда, полиция қызметкерлері денсаулық сақтау мекемелерінің мамандарымен, «Отбасын қолдау» орталығының психологтарымен, әлеуметтік қызметкерлерімен, сондай-ақ білім беру ұйымдарының өкілдерімен бірлесе отырып, профилактикалық бағыттағы жұмыстарды жүргізеді.

Жамбыл ауданы әкімінің орынбасары Махпал Досымбекова, аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Дәурен Сапиев, аудандық полиция бөлімі ардагерлер кеңесінің төрағасы Нұрсейіт Әлімқұлов, Аса ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы Дәнешбек Исаев, Қазақстан Республикасы ІІМ еңбегі сіңген қызметкері, қоғам қайраткері, Жамбыл ауданының құрметті азаматы Сәлімәлік Тәжіев, аудандық білім бөлімінің басшысы Қуаныш Бақытұлы, «Жастар ресурстық орталығының» директоры Жандар Токсаба, аудандық аурухананың психологиялық-әлеуметтік көмек

көрсету және сауықтыру бөлімінің үйлестірушісі Зухра Құрбанова, сондай-ақ «Отбасын қолдау» орталығының директоры Эльвира Көшкінбаева қатысқан жиында аталған бастаманың мәні мен маңызы жан-жақты талқыланып, профилактикалық жұмысты жаңа деңгейде ұйымдастырудың басым бағыттары айқындалды.

Салтанатты жиында сөз алған аудан әкімінің орынбасары Махпал Сатыбалдықызы бұл бастаманың өзектілігіне тоқталып, қоғамдағы әлеуметтік сипаттағы құқық бұзушылықтардың алдын алуда мұндай кешенді тетіктердің маңызы зор екенін атап өтті. Оның айтуынша, салааралық өзара іс-қимыл мен бірлескен жауапкершілік құқықтық мәдениетті қалыптастыруда және қоғамдық тұрақтылықты сақтауда шешуші рөл атқарады.

Өз кезегінде аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Дәурен Нұржанұлы жаңа кабинеттің қызметі профилактикалық жұмыстың мазмұнын сапалық тұрғыдан жетілдіруге мүмкіндік беретінін жеткізді. Ол құқық бұзушылықтардың салдарымен күресуден гөрі, оның алдын алуға бағытталған жүйелі тәсілдердің тиімділігі жоғары екенін айтты.

Сондай-ақ бұл бағытта тиісті сала мамандарымен тығыз байланыс орнатылатынын мәлімдеді.

Ардагерлер кеңесінің төрағасы Нұрсейіт Жапарұлы қоғамдағы заң үстемдігін қамтамасыз ету – баршаға ортақ міндет екенін айтып, мұндай бастамалардың жас ұрпақтың құқықтық санасын қалыптастыруда айрықша маңызға ие екенін жеткізді.

Жалпы алғанда, профилактикалық кабинет аясында қиын өмірлік жағдайға тап болған азаматтар мен отбасыларға психологиялық және әлеуметтік қолдау көрсету, профилактикалық есепте тұрған тұлғалармен жеке жұмыстар жүргізу, сондай-ақ жасөспірімдер арасында құқықтық түсіндіру және ағартушылық шараларды тұрақты негізде ұйымдастыру көзделіп отыр.

Жиын барысында сөз алған спикерлер құқық бұзушылықтардың алдын алу ісінде кешенді тәсілдің маңыздылығына тоқталып, әсіресе салааралық өзара ықпалдастықты нығайтудың қажет екенін жеткізді. Ауданда жүзеге асырылып отырған бұл жоба алдағы уақытта өзінің нәтижесін көрсетіп, өңірдегі қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті нығайтуға елеулі үлес қосады деп күтілуде.

Соңы. Басы 1-бетте

Ауданға қарасты ауылдық округтердің тұрғындары да жобаға қатысып келеді. Тарката айтар болсақ, Бірлесу-Еңбек ауылындағы Абай көшесінің екі тұрғыны; біріншісі – Данияр Әтішбеков, екіншісі – Бақытжан

2 тонна болады деп жоспарлап отырмыз. Негізі орташа есеппен 2,5 соттық жерден 2,5 тонна өнім алуға болады. Келісі 400-500 теңге аралығында сатылымға шығарылады» – десе, Бақытжан Шоқайұлы: «Ауыл аманаты»

## КӘСІПТІҢ КӨЗІН ТАПҚАН ДИХАНДАР

Асанәлиев мемлекеттік қолдауға сенім артып, бағдарлама аясында 2,5 пайызбен несие алып, көптен бері жоспарлаған істерін жүзеге асыра бастаған. Данияр Жолтайұлы өткен жылы 2,5 пайызбен 6,6 млн теңге алып, үй жағдайындағы жылыжайға қияр өсіріп жатса, 8,6 млн теңге жеңілдетілген несие алған Бақытжан Шоқайұлы үйінің ауласындағы жылыжайға сарымсақ еккен екен.

Бізбен әңгіме барысында Данияр Жолтайұлы: «Жылыжайға егілген қияр жылына екі мәрте өнім береді. Алғашқы жиын-терінде 1 тоннадан аса өнім алдық. Екіншісінде, күннің суып кетуіне байланысты 800 келі өнім жиналды. Енді алдағы үшінші жиынның өнім көлемі

мемлекеттік бағдарламасы арқылы 2,5 пайызбен жеңілдетілген несие алдым. Сол ақшаға жылыжай салдым. Екі мәрте қияр ектім. Қазір сарымсақ өсірумен айналысамын. Бір айда өнім береді. Бұйырса, 2,1 соттық жерден 500 келі өнім аламын деп отырмын. Келісі 1500 теңгеден сатылады» – деді.

Ауылдағы ағайын аталмыш бағдарламаға үміт артып отыр. Қолынан іс келетін, дөңгелетіп отырған шаруасы бар кәсіпкерлер мен шаруалар барынша мүдделілік танытуда. Олар қаржылай қолдау болса, ауылда өз кәсібін бастауға, осыған дейін шұғылданып келген шағын кәсіптерінің аясын кеңейтіп, талапқа сай дамыта алатынына сенімді.

Ильяс ҚАЛЫБЕКҰЛЫ.



## ЖАМБЫЛ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2026 жылғы 15 сәуір

№303

Аса ауылы

**Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы**

Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 84, 85-баптары, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 6-тарауы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 31, 37-баптары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 31 наурыздағы №194 қбп қаулысы негізінде және Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Ә.Ф.Тамабектің төрағалығымен өткен 2026 жылғы 8 сәуірдегі аппараттық кеңестің №4 хаттамасының 5-тармағына сәйкес Жамбыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жамбыл ауданы аумағынан арнайы индустриалды аймақ құру үшін (жылыжай кешенін ашу және т.б. жобаларға) Айшабиі ауылдық округі Айшабиі ауылы аумағындағы мемлекеттік жер қоры «Айша биі» учаскесі жерінен Оралымбетов Мадияр Мирзабаевичке шаруа қожалығын жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 2030 жылдың 17 маусымына дейін берілген көлемі 34,0 гектар жайылымдық (кадастрлық нөмірі 06-088-067-993) жер учаскесінің бір бөлігі көлемі 5,0 гектар және көлемі 86,0 гектар жайылымдық (кадастрлық нөмірі 06-088-067-994) жер учаскелерін мемлекет мұқтажына алып қоюға байланысты, мәжбүрлеп иеліктен шығару жұмыстары басталсын.

2. Мемлекет мұқтажына алып қоюға байланысты, жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың келісім рәсімдерін жүзеге асыруға және жер пайдаланушының

жүгінетін орны «Жамбыл ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, мекенжайы Аса ауылы, Абай көшесі №127, байланыс телефоны 8 (72633) 2-22-69 деп көрсетілсін.

3. Жер пайдаланушымен келіссөзді немесе жер учаскелерін сатып алу бойынша келісім шартты жүргізу, жер учаскелерінің орнына тең бағалы жер учаскелерін беру туралы және бағалау бойынша іс-шараларын ұйымдастыру мен жер учаскелерін сатып алу туралы келісім шартындағы көрсетілген қаражаттарды уақтылы аудару «Жамбыл ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне (У.Асылбеков) тапсырылсын.

4. Жер учаскелері мемлекет мұқтажы үшін алып қойылатын жер пайдаланушы осы қаулымен келіспеген жағдайда, хабарлама алған кезден бастап үш ай өткеннен кейін, (қаулыда айқындалған мәжбүрлеп иеліктен шығаруды жүзеге асыру мерзімінен) кешіктірмей жергілікті атқарушы органға жер учаскелерін мемлекет мұқтажына алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

5. Мәжбүрлеп иеліктен шығару күні осы қаулының ресми жариялау күнінен үш айдан кейін іске асады.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Мұхашевке жүктелсін.

Жамбыл ауданының әкімі  
Е.ҚЫДЫРАЛЫҰЛЫ

### БАСТАУ БИЗНЕС

**«Бастау бизнес» – өз ісін ашқысы келетін азаматтарға арналған мемлекеттік оқыту бағдарламасы. Елімізде төрт жылдан бері бұл жоба аясында кәсіпкерлік негіздеріне оқыту электронды еңбек биржасының Skills.enbek.kz платформасы арқылы онлайн режимінде автоматтандырылып, жүзеге асырылуда.**

Оқу курсына тіркелу үшін Business.enbek.kz порталында тіркеліп, оқу шарттарына сәйкестігін автоматты түрде тексеруден өту керек. Шарттар орындалса, қатысушы Skills.enbek.kz платформасына кіріп, жаттығуды бастайды. Онлайн курсқа жұмыссыздар, зейнеткерлік жасқа толмаған жұмыстан босатылған қызметкерлер, жеке кәсіпкер ретінде тіркеусіз табыс алу мақсатында тауарларды өндіру, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету жөніндегі қызметті өз бетінше жүзеге асыратын кәсіпкерлер, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен өндірістік кооператив мүшелері, бастаушы және жұмыс істеп тұрған жеке кәсіпкерлер қатыса алады.

## ОНЛАЙН КУРСҚА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Оқыту ұзақтығы 14 күнтізбелік күннен аспайды және оқу материалдарын өз бетінше меңгеру арқылы жеке негізде тегін жүзеге асырылады. Тренинг нәтижелері бойынша қатысушы бірегей нөмірі бар электрондық сертификат алады. Сертификат 3 жылға жарамды.

Гранттар конкурстық негізде халықтың әлеуметтік осал топтарындағы тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің 400 еселенгенге дейінгі мөлшерінде беріледі. Гранттар бірреттік беріледі және қажетті инвентарларды, құрал-саймандарды, технологиялық жабдықтарды, жануарларды, малдарды, құстарды, көшеттерді, бұталарды, тұқымдарды, көшеттерді сатып алуға, жаңа

нысандарды жүзеге асыру үшін үй-жайларды жалға алу ақысын төлеуге тағайындалады.

Грантқа өтінімдер бір терезе қағидаты бойынша, яғни «Business.enbek.kz» порталы арқылы қабылданады. Грант алуға өтініш берген кезде үміткердің бекітілген Грант беру қағидаларының шарттарына сәйкес нысаналы топтарға мүшелігі, сондай-ақ «Бастау бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытуды аяқтағаны туралы электрондық сертификаттың болуы автоматты түрде тексеріледі.

Нұрбол ҚУАНЫШБЕКОВ,  
аудандық кәсіпкерлер  
палатасының директоры.



# «Шұғылада» өткен шұғылалы күндерім



«Шұғылада» үлкен өмірге қадам басқан жастық шағымның шұғылалы күндерім мен журналистика соқпағына жол салған шұғылалы жылдарым өтті. Газеттің қалай шығатынын өз көзіммен көріп, оның оқырмандарға таралып, қолдарына тиюіне өзіндік үлес қостым. Дәлірек айтқанда, 1993 жылы Аса ауылындағы Желінің 30 жылдығы атындағы орта мектепті тәмамдаған мен жоғарғы оқу орнына түсе алмай ауылға оралдым. Ол кезде бос жүру деген атымен жоқ. Жұмысқа орналасу қажет. Ары ойланып, бері ойланып, ақыры әкемнің ақылымен газет шығаратын баспахана табалдырығын аттадым. Басында оңай болған жоқ әрине. Азанның кешке дейін бланка басам, аптасына үш рет шығатын газеттің қазақшасын кешке қарай басуды бастап, таң атқанша жүретін кезім де болды. Оның арасында газеттің бетін ауыстырып алып, қайта басатын машақатын қалай ұмытармын. Әлі есімде, түнгі сағат 12-лерде кезекші редактор қол қойып кеткен газеттің сыртқы бетін басып бітіп, енді ішкі бетіне кіріскенмін. Кенет орыс тіліндегі «Радуга» газетін басатын баспаханаңы әріптесімнің «Бақытжан, тоқтат та, тоқтат деген» тосын даусы шықты. Тоқтата салып: «Не болды», – десем, «Мынаны кара», – дейді. Бет ауысып кетіпті. Енді қайтеміз? Зая кеткен қайран еңбек. Қайта басу керек. Бірақ қайта басуға қағаз да тапшы. Таң қылаң беріп қалған кез. Не болса да баспахана басшысы Ералы Мәлімбетовтың үйіне тарттық. Ұйқылы-ояу, не болғанын түсінбей тұрған оған мәселенің мән-жайын айтып жатырмыз. Не керек, сол күні газеттік қағаз жетпегендіктен, сарғыштау бланкілер басатын қағазға қалғанын басып, әйтеуір таңғы 9-да әрең үлгердім. Бұл, әрине, бір жағдай емес, екі жыл жұмыс істегенімде екі-үш рет қайталанды-ау деймін. Әйтсе де, мен әкемнің атына кір келтірмес үшін намысқа тырысып, ешқашан сыр берген емеспін. Қиыншылыққа мойынаған жоқ. Бәріне төзе де білдім. Әрине, жұмыс болған соң, қиыншылығы мен қызығы да қатар жүреді ғой. Газет беттеушілер Сансызбай Махамбетқұлов пен Бақбергенов Оспанов мені жігерлендіруден еш жалыққан емес. Қашан көрсен де бір-бірін қағытып, «ақынның баласы» деп еркелететін маған олар барынша көмектесті. Шаршағандарын басу үшін кейде «Әкеңе көрсетпей алып кел», – деп дүкенге жұмсап қоятын кездері де болды. Басқа, басқа, «барып кел, шауып келді,



Жамбыл ауданындағы «Шұғыла-Радуга газеті» мен үшін өте ыстық. Себебі менің әкем ҚСРО Жазушылар одағының мүшесі, ақын Совет Әлімқұлов тапжылмастан табаны күректей 20 жыл осында істеді. Мен де еңбек жолымды дәл осы редакцияның баспаханасында баспаханашы болып бастадым.

жымын білдіртпей алып келуді» қатыратынын. Редакцияның белді мүшелері Бақыт Сырлыбаев пен Болат Жаппаровтың қалжыңы қатты еді. «Өтірікті шындай, шынды Құдай атқандай» етіп, бір-бірі қағытқанда көзіміз жұмылып, аузымыз ашылып қалушы еді. Бірақ әдемі әзіл, қазақи қалжыңдары өздеріне жарасып-ақ тұратын. Бөкеннің опералық даусы енді аудан ғана емес, облыста да ешкімде, тіпті өнер қайраткерлерінде де жоқ десем, артық айтқандық емес шығар. Оның шырқаған даусын алғаш естігенім тіпті қызық болды. Бір күні кешке қарай газетті басуға дайындалып жатсам, радиодан жоғарғы екпінмен айтылатын керемет ән шыға бастады. Барған сайын әлгі ән құлақты жарып барады. Тіпті, дауыс жақындай түскен сияқты ма қалай? Осы кезде баспахананың сыртқы есігі сарт етіп ашылғанда, жалт қарасам, өлең айтып, ән шырқап келе жатқан кәдімгі біздің Бөкең – Болат Жаппаров. Таңданысымда шек жоқ. Сөйтсем, Бөкең кезекшілікте кешке қалғанда редакция мен баспаханаға кіріп-шығып жүріп, осылайша көңіл сергітетін әдегі екен. Кейін оның жан жадыратар опералық дауысты ондай әнін талай рет естідік қой. Қайран, Бөкең, бүгінде ол да, Базар көкем, Совет әкем және Лесбек ағаларының артынан келместің кемесіне мініп кетті.

Мақтанғаным емес, баспаханада екі жыл жұмыс істегенде газет

басып, бланканы шығаруда бірде-бір кідіріс жасамаппын. Мүлтіксіз жұмысым үшін баспасөз күнінде әкімдіктің мақтау қағазымен марапатталғанда сол кездегі қуаңғанымды сөзбен айтып жеткізе де алмаспын. Енді ше? Еңбек жолымдағы алғашқы марапат қой. Одан кейінгі 35 жылдық журналистика саласында қаншама рет марапатталдым. Бірақ «Шұғылада» жүріп алған алғашқы «Мақтау қағазының» орны бөлек. Мен үшін әлі де құнды әрі ыстық. Кейін Отан алдындағы борышымы өтеп келгеннен соң, әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университетінің журналистика факультетіне түсіп кеттім. Жазғы демалыста екі жыл қатарынан тәжірибеден өзімнің сүйікті газетім «Шұғыладан» өттім. Аптасына үш рет шығатын аудандық газетте екі айдай, нөмір құрғатпай мақалаларым шығып та тұрды. Бас редакторымыз Базарқұл Қилыбаев студент деп қосынбай, екі ай болса да штатқа алып, жалақымы төлеп бергенін, жауапты хатшы Лесбек Әзбергенов қаламақын еселеп жазғанын, редакциядағы барлық журналистің қамқорлық жасағанын қалай ұмытпайын. Бір қызығы, еңбек жолымды баспаханада бастағанда Сансызбай Махамбетқұловпен бірге жұмыс істесем, араға 3 жыл салып, енді редакцияға келгенімде Сансызбай ағамның қоластында – мәдениет

бөлімінде істедім. Бұл кезде ол да Мәскеудегі «Полиграфия» институтында оқып, редакцияда тілші болып жүрген еді. Қабақ шығуды білмейтін, қашан көрсен де, өзіне тән биязы мінезімен езуіне күлкі үйіріп жүретін ол, маған жазу машақатын көрсетіп, үйретуден жалыққан емес. Редакция ұжымы өте ұйымшыл, ауызбіршілігі мен ынтымағы жарасқан жандар еді. Бас редакторымыз Базарқұл көкеміз бастап, басқалары қостай кететін. Мереке мен туған күн иесінің мерейтойларын атаусыз қалдырмайтын. Тіпті «Шұғыла-Радуга» газетінің жүлдесі үшін деген волейбол турнирінің бастамашысы да Базарқұл болды. Оған редакция атынан біз де бір команда жасақтап үзбей қатысып жүрдік. Кейін қарымды қаламгер дүниеден озғанда оның есімін ел есінде сақтау үшін Базар Қилыбаев атындағы турнир ретінде біраз жалғасын тапты. Өкінішке орай өтпелі кезеңнің қиыншылығында бұл жарыс та тоқтап тынды.

Жалпы мен Алматыдағы оқуымды тәмамдап Жамбыл телеарнасына тілші болып орналасқанда да өңірдің сүйікті газетінен қол үзген емеспін. Марқұм Болат Жаппаровтың кезінде де, одан кейін Сансызбай Махамбетқұлов тұсында да ауылға барған сайын редакцияға соғып тұрдым. Ағаларымның «бізге де жазып тұр, әзіл әңгімелерің мен сұқақтарыңды жібер» деген сөздерін де жерге тастаған емеспін.

Жазғанымды жұтындырып шығарудан олар да жалықпайтын. Алдыңғы буын ағаларының жолын жалғастырып келе жатқан қазіргі бас редактор Нұрасыл Сұлтанбаев та інілік ізетін көрсетіп, іздеп қояды. Газет жұмысына әбден ысылып, жазудан жасын ойнататын ол бүгінде білімді де, білікті журналист қана емес, парасатты басшы редактор екендігін дәлелдеп отыр. Жасыратыны жоқ, соңғы кездері 60 жылдық тарихы бар, талай тарлан тілшілерді тәрбиелеп шығарған «Шұғыла» газетінің ғимаратын көргенде көңілім де пәс тартып қалатын. Өзің түлеп ұшқан алтын ұяның тозығы жеткенін көру кімге де болса оңай соқпаса анық. Сыртының сылағы түсіп, іші тозып кеткені редакция ұжымының ғана емес, рухани құндылықты дәріптейтін мен сияқты барлық саналы азаматтардың қабырғасына батып жүрді десем, артық айтқандық емес шығар. Енді міне, ауданның айнасы «Шұғыла-Радуга» газетінің редакциясын күрделі жөндеуден өткізіп, қарасаң көз сүйсіндіретіндей құлпыртып жібергенін көргенде көңіл қошы да құрт көтеріліп қалды. Газеттің 60 жылдығына тамаша тарту жасаған аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлының бұл қамқорлығына қалай риза болмасын. Енді халықтың «құлағы, көзі, һәм тіліне» айналып отырған журналистердің қара шаңырағына келген қонақтарға қалай көрсетсе де, торқалы тойын қалай атап өтсе де, керемет болғалы тұр.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері Совет Әлімқұлов, Арғынбай Бекбосын, Тынышбай Рахым, Нарша Қашағанов сияқты ақын-жазушылар мен Тоқсанбай Жабайылдаев, Шаймерден Дәуренов, Лесбек Әзбергенов, Байтанағали Төлентаев, Маханбетәлі Дүйсебаев, Сансызбай Махамбетқұлов, Тұрсынқұл Ентаева, Уәсила Абумалиқовалар тәрізді тарлан тілшілер мен қарымды қаламгерлер шыққан «Шұғыла» газеті әлі де өз оқырмандарының рухани дүниесін байытып, сәулелі шұғыласын шаша берері анық.

**Бақытжан СОВЕТҰЛЫ,**  
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.



Эльмира ТҮРКМЕНОВА,  
«Шұғыла-Радуга»  
газетінің 2018-2021 жылдар  
аралығындағы тілшісі.

## Сенім мен жылылықтың шаңырағы

Аудан айнасы «Шұғыла-Радуга» газеті – небір мықты журналистер мен қаламгерлерге ортақ киелі шаңырақ. Оның киесін 2018 жылы қарашаңырақтың табалдырығын аттағанда сезіндім. Бұл – оқырман ретінде келген сәт емес, өзіме беймәлім, бірақ жүрекке жақын бір жолға түскен күнім еді. Сол жолға жетелеген басылыммен бірге есейіп, газеттің тынысымен тыныстаған бас редактор Сансызбай Махамбетқұлов болатын. Ол кісі үшін газет – өмірдің өзі секілді еді. Әр саны – аманат, әр жолы – жауапкершілік.

түспейтін, бірақ жүректе қалатын тәрбие.

Ұжымның үлкені Дүйсенбек Орманов ағай еді. Жасы үлкен болса да, жүрегі жас, мейірімі мол еді. «Қызым» деген бірауыз сөзінің өзі талай салмақты ойдан артық әсер қалдыратын. Ол кісінің болмысы балаша пәк көңіл мен ізгіліктің үнсіз сабағы болатын. Ал сол кездегі редактордың орынбасары, бүгінде қарашаңырақтың тізгінін ұстап

отырған Нұрасыл Сұлтанбаев пен жауапты хатшы, қазіргі таңда бас редактордың орынбасары Максат Жұмабаев ағаларым қарындасын қабылдағандай қамқорлық танытып, кәсіби бағыт-бағдар көрсетті.

Мен бұл ортада тек жазуды үйренген жоқпын. Дизайнер Асем мен Ғалия әкемнің жанында отырып, газеттің әр беті қалай тыныстайтынын сезіндім. Әр жолдың өз орны, әр суреттің өз

үні бар екенін ұқтым. Сол жерде газет жай мәтіндер жинағы емес, ой мен еңбектің, талғам мен жауапкершіліктің қосындысы екенін түсіндім.

Редакция – түрлі тағдыр тоғысқан орын еді. Өзіммен қатарлас Ильяс Қалыбекұлы мен Айдана Қуатова, інілерім Ақжігіт Жетпісбай, Құрбанәлі Шахабай, Жәнібек Асанов, әріптес әпкем Күнзипа Ситалиева, сіңлім Гүлбаршын Сейтқазиева әрқайсысы осы шаңырақтың бір-бір шамындай жарық беріп тұрды. Есепші әкеміз Алма Әлиеваның есепке деген тиянақтылығы, мінездің сабырлылығы, Роза Ашимова әпкенің ісіне деген мұқияттылығы, ардақты аға Асқар Муталиевтің суретке жан бітіретін еңбегі – бәрі бірігіп «Шұғыла-Радуга» деген

рухты қалыптастырды, адамдық өлшемді биіктетті.

Адамды қызметіне қарап бөлмейтін, қуанышта да, қайғыда да қатар тұра білетін, адалдықты бәрінен биік қойған ұжымда еңбек ету – менің өмір жолымдағы ең үлкен олжалардың бірі. Бұл орта маған жазудан бұрын жауапкершілікті, кәсібиліктен бұрын кісілікті үйретті. Ұжымның жылуы мен адалдығы, әріптестерімнің қолдауы мен шынайылығы – кәсіби тұрғыда ғана емес, адамгершілік тұрғысынан да өмірлік сабақ болды. «Шұғыла-Радуга» – менің кәсіби үйім, рухани мектебім, өмірлік тәжірибемнің қайнар көзі болып қала береді.

Шаңырақ сөнбесін, қасиетті қарашаңырақ. Шұғылаң талай жүрекке жол көрсетсін. 60 жыл құтты болсын, «Шұғыла-Радуга»!

Бірлігі жарасқан ұжымда мені таңғалдырған ең басты нәрсе – адамға деген қарым-қатынас еді. Мұнда атак та, лауазым да маңызды рөл атқармайтын. Өйткені барлығы бір үйдің баласындай, бір дастарханның басындағы жандай қабылданатын. Бұл – қағазға

23 СӘУІР – ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІ

# Руханиятқа бастайтын әлем

Кітап оқудан қалсақ, ой ойлаудан да қалар едік. Расында, кітап – адамзат баласының сан ғасырлық парасатын бойына жинақтаған, рухани кемелдікке жетелейтін шамшырақ десек артық емес. Заман ағымы өзгергенімен, кітаптың мән-маңызы ешқашан көмескіленбейді. Кітаптың қадір-қасиетін ұлықтайтын айрықша мереке – Ұлттық кітап күні мен Кітапханашылар күніне орай ауданда Ұлттық кітап күні апталығының шымылдығы түрілді. Осы ретте аудандық орталық кітапхананың ұйытқы болуымен «Кітаптың сиқырлы әлемі» атты мерекелік кеш өтті.



Аружан КҮНТУБАЙ

Алқалы жиынға ардагерлер қауымы, ұстаздар, шәкірттер мен кітапхана қызметкерлері, сондай-ақ тұрақты оқырмандар қатысты. Шара аясында ұйымдастырылған танымдық ойындар мен зияткерлік сайыстар қатысушылардың білім-білігін, ой ұшқырлығын сарапқа салып, олардың дүниетаным көзқарымын кеңейтіп, логикалық

пайымын тереңдетті. Сонымен қатар, әдебиеттерге жасалған жан-жақты ашық таныстырылымдар арқылы оқырман қауым әртүрлі жанрдағы құнды туындылармен кеңінен танысты.

«Кітап – білімнің бұлағы» деген тағалымды тәмсіл өзегіне айналған бұл басқосуда оқырман мәдениетін қалыптастыру, жас ұрпақтың кітапқа деген ынта-ықыласын арттыру, рухани сұранысын қанағаттандыру мақсатында библиографиялық көрме көпшілік назарына ұсынылды. Көрмеге ел

тарихының қатпарлы шежіресін тарқататын, ұлттық жадыны жаңғыртатын құнды деректер мен сирек басылымдар, сондай-ақ өлкетану бағытындағы ғылыми-зерттеу еңбектері мен танымдық жинақтар қойылды.

Мерекелік кеште «Уақыттың қадірі», «Кітап мұңы» атты сахналық қойылымдар сахналанып, көрерменге ой салған көріністер ұсынылды. Сонымен қатар әсем ән мен мың бұралған би қатар өріліп, кештің көркемдік мәнін айшықтады. Облыстық және аудандық байқаулардың бас жүлде иегерлері Желеубай Дамира мен Инабат Шілменова, Рахат бастауыш мектебінің бүлдіршіндері «Мерекем», «Жүр, дос, кітапханаға», Жамбыл Асылханның «Қазақ елім», Жания Ыдырыс мен Райна Ыдырыс «Менің Қазақстаным» әндерін шырқады. Кітапхана өміріне белсене араласып, руханият керуенінің көшін ілгерілетіп жүрген Аружан Күнтубай, Қайрат Әділов, Айару Жаркынбек, Жанерке Дүйсеналы, Фатима Қуанышбай, Ерлан Жақсылықов, Жания Ыдырыс, Райна Ыдырыс, Дастан Берікқожа сынды белсенді оқырмандарына естелік сый-сияпаттар табысталды.

ДЕНСАУЛЫҚ

## ЕКПЕ – ҚАУІПТІ ИНФЕКЦИЯҒА ҚАРСЫ ҚАЛҚАН

**Қызылша – бұл жылдам таралатын жұқпалы ауру. Ауру адаммен байланыста немесе қасында болғаннан кейін он күннен соң суық тию белгілері бойынша басталады: бұлар – дене қызу, тұмау, көздің қабынуы және жөтел. Ауру уақыт өткен сайын асқына түседі. Ауыз іші қабынып, ісініп, іш өтуі мүмкін. 2 немесе 3 күннен кейін ауыздың шырышты қабығында тұздың жартысындай кішкентай ақ дақтар көріне бастайды.**

Одан кейін 2 немесе 3 күн өткен соң құлақта және мойында, сосын бетте және денеде, ең соңында кол мен аяқта бөртпелер пайда болады. Денеге бөртпелер шыққаннан кейін баланың жағдайы әдетте жақсарады. Бөртпелер 5 күннің ішінде шығып болады. Кейде тері астына қанның құйылуы (қара қызылша) салдарынан шашыраңқы қара дақтар (көгерген жерлер) байқалады. Бұл дерттің әсерінің өте күшті екендігін білдіреді. Мұндайда дәрігерлік көмекке жүгіну керек.

Бала төсекте жатуы керек, сұйықты көп ішіп, құнарлы тамақ жегені жөн. Егер ол қою тамақты жей алмаса, сұйық сорпа беріңіз. Егер балаға емшек ему қиынға сокса, онда емшекті



сауып, сүтті қасықпен ішкізіңіз. Көздің бүлінуін болдырмау үшін мүмкіндігінше А дәруменін беріңіз. Қызу көтерілгенде және бала тынышсызданғанда парацетамол беру қажет. Егер құлағы ауыrsa, антибиотиктер ішкізген жөн. Өкпесінің қабынғандығын, менингитті немесе құлақ пен асқазанның қатты ауырғандығын білдіретін белгілер

байқалса, дәрігер шақырыңыз. Егер баланың іші өтсе, регидрационды су беріңіз.

Қызылшамен ауырған баланы басқа балалардан бөлек ұстаған жөн. Қызылшамен ауырып жатқан баласы бар үйге басқа үйдің балаларының келуіне болмайды. Қызылша ауруы бар үйдің балалары, егер олар бұл аурумен ауырмаған жағдайда мектепке, дүкенге немесе басқа да қоғамдық орындарға 14 күнге дейін баруына болмайды. Жас балалар организмінің қызылша ауруына қарсы тұрып, шетінен кетпеуі үшін олардың жетіліп, ет алуы қажет. Қазіргі таңда 9 айдан 12 айға дейінгі балалар қызылшаға қарсы егіледі.

Сәуір айының 23-29 күндері аралығында қызылшаға қарсы Европалық имундау апталығы жүргізіледі. Осы орайда аудан тұрғындарының аудандық орталық емханаға келіп, қызылшаға қарсы екпе алуға шақырамыз.

**Жадыраш ТОТАЕВА,**  
аудандық орталық  
емхананың иммунолог дәрігері.

САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде бұқаралық спортты дамытуға, ел азаматтары арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға басымдық бергені белгілі. Сондықтан да «Саламатты Қазақстан – сау ұлт» идеясын қоғамда нығыз орнықтыру үшін спортпен шұғылданатын азаматтарымыздың қатарын көбейту көзделген. Бұл өз кезегінде салауатты өмір салтын ұстанатын ұлт болып қалыптасуымызға серпін береді.

## Ерекше жандардың тартысты ойыны



Осы ретте, ерекше күтімді қажет ететін жандар да назардан тыс қалмауда. Оларды қоғамға бейімдеу, салауатты өмір салтын ұстануына оңтайлы жағдай жасау, спортпен алаңсыз шұғылдануына қолдау көрсету күн тәртібінен түскен емес. Біздің ауданда да ерекше жандардың бұқаралық спорттық іс-шараларға қатысуына қолайлы жағдай жасауға, белсенділігін арттыруға көңіл бөлініп келеді. Олар атаулы даталарда ұйымдастырылатын жарыстарға қатысып жатыр.

Дүниежүзілік денсаулық

сақтау күніне орай Аса ауылындағы бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу орталығында оңтайлы тәрбиеленушілерінің қатысуымен өткен аудандық волейбол жарысы соның айқын көрінісі болса керек. Ерекше балалар өзара командаларға бөлініп, волейбол ойнады. Ұйымшылдық пен достықтың жарқын үлгісін көрсетті. Барлығына да арнайы диплом мен естелік сыйлықтар табыс етілді.

**Ержан КУШЕНОВ,**  
Аса ауылдық округінің  
спорт нұсқаушысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылқайнар ауылдық округі әкімі аппараты 2022 жылдың 16 қаңтары күні Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Жасөркен» шекара бөлімшесінің аумағында №249 шекара белгілері маңынан 1 бас ірі қара, 2022 жылдың 6 мамыры күні «Қайыңды» шекара бөлімшесінің №233-234 шекара белгілері арасынан 24 бас ұсақ мал (сырғалары жоқ), 2024 жылдың 17 қаңтарында Жамбыл ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Қайыңды» шекара бөлімшесінде 1 бас жылқы малы ұсталып, Қызылқайнар ауылдық округінің контрабандалық малдарды уақытша ұстау орнына өткізу-қабилдау актісімен өткізілген.

Қазіргі таңда аталған малдан 1 бас жылқы, 1 бас мүйізді ірі қара, 12 бас ұсақ мал қалды. Қызылқайнар ауылдық округі аумағында орналасқан контрабандалық малдарды уақытша ұстау орнында тұр. Жоғалған малды іздеген тұрғындар Қызылқайнар ауылдық округі әкімі аппаратының 3-43-17 телефон нөміріне хабарласып, толық мәлімет ала аласыздар.

Қызылқайнар ауылдық округі әкімі аппараты.

ЖИНАҚТЫҒА АЛЫНУЫ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР

ШҰҒЫЛА-RADUGA

МЕНШІК ИЕСІ:  
«Шұғыла-Радуга» газеті  
редакциясы» ЖШС

Бас редактор:  
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98

Бас редактормен тікелей  
байланыс: 87765549701

Бас редактордың  
орынбасары:  
Тілшілер:

Мақсат ЖҰМАБАЕВ 87059774177  
Аружан КҮНТУБАЙ 87002642761  
Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ 87474240395  
Құрбанәлі Шахабай 87788758489  
Жұматай Көксубайұлы 87088419629  
Ғалия АЛИЕВА 87075853423

Дизайнер-теруші:  
Бас редактордың  
орынбасары:  
Тілшілер:

2-20-24  
2-13-44

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде  
07.10.2021 жылы қайта тіркелген.  
Тіркеу куәлігі №КЗ87VPY00041240

Редакция авторлардың көзқарасы,  
жарнама мазмұны үшін жауап  
бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап  
қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті  
редакциясында компьютерде теріліп,  
беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам  
әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді.  
080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 3064 Тапсырыс №247

Нөмірдің кезекшісі: Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Газет аптасына 2 рет,  
сәрсенбі, жұма күндері  
шығады.  
Газета выходит 2 раза в  
неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:  
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:  
Индексі 080200, Аса ауылы,  
Абай көшесі 78-үйі.